

**ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
жанындағы Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес**
(бұдан әрі – салалық кеңес) **отырысының**
хаттамасы

Астана қ.

№3

2023 жылғы 17 қараша

Төрағалық етті:

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау бірінші вице-министрі
А.А. Сарбасов

Қатысты:

(тізім бойынша)

**1. Халықты жұмыспен қамту бөлігінде «Еңбек және халықты жұмыспен
қамту» салалық біліктілік шеңберін және «Жұмыспен қамтуға
жәрдемдесу» кәсіптік стандартының (бұдан әрі – КС) жобасын қарау
туралы**

(Сарбасов, Жұбанова, Рубашина, Раисова, Жазетова)

1. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ жұмыспен қамту қызметін дамыту департаментінің директоры И.А. Рубашиның ақпараты назарға алынсын.

2. ХЖҚД:

1) ағымдағы жылғы 22 қарашаға дейінгі мерзімде ЕӘӘД-мен бірлесіп, халықты жұмыспен қамту бөлігінде «Еңбек және халықты жұмыспен қамту» салалық біліктілік шеңберін пысықтасын.

2) ағымдағы жылғы 22 қарашаға дейінгі мерзімде салалық кеңес мүшелерінің ескертпелерін ескере отырып, «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» КС пысықтасын және салалық кеңестің қарауына қайта шығарсын.

**2. «Адам ресурстарын басқару» салалық біліктілік
шеңберін қарау туралы**

(Сарбасов, Раисова, Жұбанова)

1. «HR менеджерлер қауымдастығы» үйлестіру кеңесінің президенті Г.Б. Райысованың ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган (бұдан әрі – БҰО) ағымдағы жылғы 22 қарашаға дейінгі мерзімде «Адам ресурстарын басқару» салалық біліктілік шеңберін қарасын.

3. ЕӘӘД ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде БҰО-мен келісілген «Еңбек және халықты жұмыспен қамту» салалық біліктілік шеңберін еңбекақы төлеу және еңбекті нормалау бөлігінде таныстырсын.

4. Осы хаттаманың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Басқа да мәселелер


(Сарбасов, Раисова, Жұбанова)

1. ӘҚД ағымдағы жылғы 24 қарашаға дейінгі мерзімде:

1) БҰО-мен әлеуметтік қорғау саласындағы КС және ӘҚД құзыретіне кіретін мәселелер бойынша «Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызметтер» салалық біліктілік шеңберін келіссін;

2) ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде әлеуметтік қорғау саласындағы КС және ӘҚД құзыретіне кіретін мәселелер бойынша «Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызметтер» салалық біліктілік шеңберін салалық кеңестің қарауына шығарсын.

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау бірінші вице-министрі**



А. Сарбасов